



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2015 жылғы желтоқсан № 391
Павлодар қаласы

город Павлодар

**Республикалық семинар өткізу
қорытындылары туралы**

Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының жұмыс жоспарына сәйкес, 2015 жылғы 2-4 желтоқсан аралығында Павлодар қаласының дарынды балаларға арналған № 3 гимназия базасында республиканың барлық аймақтары өкілдерінің қатысуымен «Көп тілде оқыту – қазақстандық заманауи мектептердің әдіснамалық принципі» тақырыбы бойынша республикалық семинар өткізілді.

Жоғарыда аталған республикалық іс-шараны сапалы және сәтті өткізгені үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Павлодар қаласының дарынды балаларға арналған № 3 гимназиясы» ММ директоры Жомарт Петрович Карамбаев, «Ертіс дарыны» аймақтық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы» КМҚК басшысы Ғажденбек Қуанышұлы Тұрсынов, «Білім беру және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығы» КММ директоры Сәуле Шаимқызы Слямова, «Ақпараттық технологиялар орталығы» КММ басшысы Гүлжан Төлеубайқызы Кәрімоваға алғыс жариялансын.

2. Облыстық ведомствоға қарасты білім беру ұйымдары, аудандар, қалалар білім беру бөлімдерінің басшыларына (келісім бойынша):

облыс мектептерінде көп тілде оқытудың алға басуы бойынша жұмысы жалғастырылсын.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Т.Н. Ивановаға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б. Бексентова

Таныстырылды _____

(қолы, күні)

. 006057